



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№31 (939) Сәрсенбі 6 тамыз 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>



ИПОТЕКА НАРЫҒЫ:

ТАҢДАУ КӨП,
ҚАЙСЫСЫ ТИІМДІ?



Зибаш ӘЛИ

Баспана – әрбір адамның қажеттілігінің бірі. Қазіргі таңда өз үйіне қол жеткізу көпшілік үшін оңай шаруа емес. Осы орайда мемлекет тарапынан да, қаржы ұйымдары тарапынан да тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған түрлі ипотекалық бағдарламалар іске асырылып келеді. Алайда, бұл жүйе халықтың әлеуметтік жағдайына, нарықтағы баспана базасына және банктік талаптарға тығыз байланысты.

Ипотека – жай ғана несие емес, ол – адамның ұзақ мерзімдік қаржылық міндеттемесі мен болашағына салынатын инвестиция. Осы маңызды тақырып төңірегінде біз Тұрғын үй жинақ Отбасы банкінің кеңесші-лидері Жазира Жапармен сұхбаттасқан едік.

Соны 4-бетте

ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА БАРДЫ

Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев Қызылорда облысына жұмыс сапары кезінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге Жалағаш ауданы Таң ауылындағы «Таң LTD» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жұмысымен танысты.

«Таң LTD» ЖШС биыл 3668 гектар жерге егін екті. Оның 1226 гектары күріш, 75 гектары қант құмайы, 379 гектары жаңа жоңышқа, 661 гектары ескі жоңышқа, 700 гектары жүгері. Серіктестік 300 тұрғынды жұмыспен қамтыған. Премьер-министрдің орынбасары вегетациялық кезеңдегі қиындықтардан өту үшін барлық тиісті шаралар қабылдануы керек екенін айтты. Еске салайық, су тапшылығына байланысты қалыптасқан жағдайға тұрақты мониторинг және кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін барлық ауданда арнайы жұмысшы топтары құрылды.

Қазіргі таңда, барлық каналдан су алу кестесі бекітіліп, су кезекпен беріледі. Қашыртқыдағы суды екінші мәрте пайдалану үшін облыста 324 насос қондырғысы қосылған. Сондай-ақ, магистральді және шаруашылықаралық каналмен кезектестіріп су беру кестесі әзірленіп, осы кестеге сәйкес жұмыс атқарылууда, яғни жалпы егілген егістің 98%-ы кезекпен суарылууда. Күріштің өсу фазасына сәйкес толық пісіп-жетілу уақыты 115-125 тәулік.

Жедел ақпаратқа сүйенсек, облыс бойынша егілген күріштің 8,8 мың гектары түтікке шығу, 37,1 мың гектары масақтану, 30,3 мың гектары гүлдеу, 4,7 мың гектары сүтті пісу фазасында.



ЖАСТАР КҮНІНЕ ОРАЙ ТҮРЛІ БАҒЫТТА ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ

12 тамыз – Халықаралық жастар күніне орай «QYZYLORDA JASTAR FEST» тақырыбында мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылады. Бұл туралы баспасөз орталығында өткен брифингте «Qosy» қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Медет Жорабек баяндады.



– 8-11 тамыз аралығында жастар арасында түрлі шаралар ұйымдастырылады. Атаулы күнді мерекелеу 8 тамыз күні қала жастарының арасында тазалықты дәріптеу мақсатында «Табиғатты сақта – болашақты қорға» атты жастардың экологиялық коқыс жинау сайысын өткізуден бастау алады. Шаралар легі әрі қарай, 9 тамыз күні – «Qyzylorda Youth Fest» би сайысымен, 10 тамыз – «Абай сөзі» челленджі – жастар арасындағы онлайн-акциясымен жалғасады. Ал, 11 тамызда – Орта Азия мен Қазақстан жастарының көшбасшысы Ғани Мұратбаев ескерткішіне тағзым ету шарасы, «Қызылорда –

жастар қаласы» атты фотокөрме сайысы, «Шынды бағындыр» – турникке тартылу сайысы және «Qyzylorda Youth Fest» мерекелік гала-канцерті өтеді. Қала жастарын айтулы мерекемен құттықтай отырып, жастар күніне орай өтетін шаралар легіне белсене қатысуға шақырамыз!», – деді орталық директоры Медет Ердаулы.

Бұл шаралар жастардың шығармашылығын қолдауға, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, салауатты өмір салтын насихаттауға және ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.



МІНДЕТТЕР ОРЫНДАЛУЫМЕН МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімінің төрағалығымен өткен мәжілістен кейін шаһар басшысы Нұржан Ахатов сауданың цифрлық трансформациясы және өзге де мәселелер бойынша тиісті сала жетекшілеріне бірқатар тапсырма жүктеді.

– Өздеріңізге белгілі,

Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігі «Электрондық сауда нарығын дамытудың 2027 жылға дейінгі іс-шаралар жоспарын» қабылдады. Жоспар шеңберінде электрондық сауда мәселелері бойынша талаптарды жетілдіріп, қала көлемінде электрондық сауда бойынша оқу курстарын жүргізуді ұйымдастырып, кәсіпкерлерге мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын әлі де күшейтуіміз қажет. Электронды сауданы жүргізіп отырған кәсіпкерлер тұтынушыларға ұсынылатын тауарының сапасына мән беріп, оған жауапкершілікпен атсалысқаны жөн, – деді Нұржан

Сәбитұлы.

Жиында жаңа оқу жылына дайындық мәселесі де пысықталды.

– Жаңа оқу жылының басталуына да аз ғана уақыт қалды. Білім беру мекемелеріндегі күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары дер кезінде аяқталып, жаңа оқу жылына дайын болуы тиіс. Сондай-ақ, балалар қауіпсіздігін қатаң сақтау үшін мектептер аумағындағы жол белгілерін, жаяу жүргіншілер жолдарын қалыпта келтіру қажет, – деді қала әкімі.

Аталған мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына бір қатар тапсырмалар жүктеліп, қысқа мерзім ішінде кемшіліктерді түзеу міндеттелді.

8 КӨШЕДЕ КҮРДЕЛІ ЖОЛ ЖӨНДЕУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Белкөл кентінің әкімі Жасұлан Сәду бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне І жартыжылдықта атқарылған жұмыстар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

– Кентті абаттандыру бағытында биыл тұрғындардың сұранысына сәйкес №1, 11, 12 көпқабатты үйлердің ауласына асфальт жол төселіп, автотұрақ салынды. Осы аталған көпқабатты 3 үйдің шатыры жөндеуден өтті. 8 көшеде күрделі жол жөндеу, 7 көшеде түнгі жарық шамдарын орнату жұмыстары басталды. Сондай-ақ, «Батыс Қытай-Батыс Еуропа» автожолының бойындағы «Лиза» бейіті қоршалды, – деді кент әкімі Жасұлан Хабидуллаұлы.

Кентте 464 шағын кәсіпкерлік субъектісі жұмыс жасауда. Жыл басынан бастап 79 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, 81 тұрақты жұмыс орны ашылды. «Бизнес-Бастау» бағдарламасы аясында 6 тұрғын 9,4 млн. қайтарымсыз грантқа ие болды. Ал, «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында жалпы құны 24,6 млн. теңгені құрайтын 3 жоба қаржылай қолдауға ие болды. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамытудың түрлі мемлекеттік бағдарламалары аясында ұсынылған 11 жоба мақұлданып, 284,8 млн. теңгеге қаржыландырылды.



«Бекітемін»
Мұнайлы ауданы әкімінің
орынбасары
«_____» _____ Н. Мустафаев
2025жыл

«Мұнайлы ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу» есебі

«Мұнайлы аудандықтұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

Мұнайлы ауданы, 2025 жыл Мазмұны	
I. Кіріспе	3-4
II. Қолдану саласы	4-5
III. Нормативтік сіттемелер	5
IV. Жалпы талаптар	6
V. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау жөніндегі қызметтердің ең төменгі тізбесі	6-18
VI. Ғимараттарды пайдалану мерзімін ескере отырып, ғимараттардың әрбір класы үшін формула бойынша есептеу	
VII. Қорытынды	

I. Кіріспе
Тұрғын үй секторы Қазақстан экономикасында маңызды рөл атқарады және тұрақтылық пен жалпы әл-ауқат пен дамуды қолдауды қамтамасыз ететін әлеуетті құрал болып табылады.

Жергілікті атқарушы органдардың деректері бойынша Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданында көпөтерлі тұрғын үйлердің жалпы саны 91 бірлікті құрайды.

Талдау көрсеткендей, Мұнайлы ауданында:

- 1960 жылдан 1999 жылға дейін– ауданы 982,11 м2-ден 53 033,73 м2-ге дейін, пайдалану мерзімі 20 жылдан 80 жылға дейін жететін 54 көпөтерлі тұрғын үй;

- 2000 жылдан 2013 жылға дейін ауданы 3.279 13м2-ден 6 558,26 м2ге дейін, пайдалану мерзімі 10 жылдан 15 жылға дейін жететін 2 көпөтерлі тұрғын үй;

- 2013 жылдан 2021 жылға дейін – ауданы 991,97 м2-ден 31 742,96 м2-ге дейін құрайтын, пайдалану мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейін жететін 32 көпөтерлі тұрғын үй бар.

- 2021 жылдан 2025 жылға дейін– ауданы 4698,50 м2-ден 18 794 м 2 дейін құрайтын, пайдалану мерзімі 1 жылдан 3 жылға дейін 4 көпөтерлі тұрғын үй бар.

Алынған деректердің нәтижелері бойынша пайдаланудағы көпөтерлі тұрғын үйлердің негізгі үлесі 1960-1999 жылдарға келеді, бұл көпөтерлі тұрғын үйлердің жалпы санының 63%- ын құрайды.

Деректер бойынша, Мұнайлы ауданында көпөтерлі тұрғын үйлердің негізгі саны 2 қабатты үйлер, бұл көпөтерлі тұрғын үйлердің жалпы санының 50%- ын құрайды.

Мұнайлы ауданы–қызмет көрсететін кондоминиум объектілерінің орташа пайдалы ауданы – 5556,40 м 2 құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 2 қарашадағы № 1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері туралы» қаулысына сәйкес көпөтерлі тұрғын үйлердің қызмет мерзімі:

көп қабатты ғимараттар (екі қабаттан артық) - 100 жыл (қабырғалары тас материалдардан, ірі блоктардан және темірбетон, металл жабындылары бар панельдерден жасалған.

барлық ағаш түрлерінен басқа, барлық мақсаттағы екі қабатты ғимараттар - 70 жыл (қабырғалары тас материалдардан, ірі блоктар мен панельдерден жасалған, темірбетон, металл жабындылары бар, едені 3500 шаршы метрге дейінгі ғимараттар).

II. Қолдану саласы

Мұнайлы ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығымен бекітілген кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесіне (әрі қарай-Әдістеме) сәйкес есептелген.

Әдістеме жергілікті атқарушы органдар кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшерін есептеген кезде тұрғын үй қатынастары саласында қолданылады.

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері кемінде үй коммерциялық ұсыныс негізінде міндетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнынан қалыптастырылады.

III. Нормативтік сіттемелер

«Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 16 сәуірдегі N 94, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z970000094> ;

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 284-VI ҚРЗ, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000284>;

«Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020284>.

IV. Жалпы талаптар

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесі мүліктің меншік иелері бірлестігі төрағасының, жай серіктестіктің сенім білдірілген адамының, көпөтерлі тұрғын үйді басқарушы компанияның (бұдан әрі - Атқарушы орган) шығындарын және пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелері төлемдерінің (жарналарының) мөлшерін қалыптастыруға бірінғай тәсілдер белгілеу мақсатында әзірленді.

Әдістеме беруді Атқарушы орган қамтамасыз ететін кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтер мен жұмыстардың тізбесі шарттардың үлгі нысандарына сәйкес кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау жөніндегі қызметтер көрсету туралы шартта айқындалатынын көздейді.

V. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін басқару және күтіп-ұстау жөніндегі қызметтердің ең төменгі тізбесі
Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу үшін, әдістемесінің 1-қосымшаға сәйкес төменде келтірілген жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің міндетті тізбесі және кезеңділігі пайдаланылады.

№	Іс-шаралар	Кезеңділігі
1.	Кондоминиум объектісін басқару, оның ішінде: 1) бухгалтерлік есепті, статистикалық және салықтық есептілікті жүргізгені үшін еңбекке ақы төлеу; 2) атқарушы органға кондоминиум объектісін басқарғаны үшін еңбекақы төлеу; 3) бюджетке төленетін міндетті төлемдер (салықтар, аударымдар және басқалар); 4) банктік қызметтер; 5) есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету үшін ақы төлеу; 6) кенесені ұстауға арналған шығыстар (жалға алу, байланыс, кеңсе тауарлары, ұйымдастыру техникасы және оны ұстау);	ай сайын
2.	Кондоминиум объектісін ортақ мүлкін күтіп-ұстау, оның ішінде: 1) кондоминиум объектісін жергеуі үй-жайларын, паркінтерін және ортақ пайдаланылатын басқа да орындарын дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау; 2) энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптарының тиісінше техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігі энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктелген жағдайларды қоспағанда, үйге ортақ инженерлік жүйелердегі (жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, желдету) аварияларға және кондоминиум объектісінің жабыдығына техникалық қызмет көрсету, оларды оқшаулау; 3) үйге ортақ инженерлік жүйелер мен жабдыктарды күзгі-қысқы кезеңге дайындау; кондоминиум объектісінің ортақ пайдалану орындарының санитарлық жағдайын қамтамасыз ету 4) кондоминиум объектісінің үй жанындағы аумағының жер учаскесінің санитарлық жағдайын қамтамасыз ету (қоғалдандыру (жасыл желектер мен қоғалдарды отырғызу, құю, кесу), қоқыс құбырларын санитарлық тазалау, қазылар шұңқырларды тазалау, аула әжетханаларын жинау және әктеу, жапырақтарды, қар мен мұздатқарды, соның ішінде шатыр-дан жинау); 5) энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігі энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктелген жағдайларды қоспағанда, үйге ортақ есепке алу аспаптарына сервістік қызмет көрсету және салыстырып тексеру; 6) өртке қарсы жабдыктарды ұстауды, өрт сөндіргіштерді сатып алуды және жаряталуды, өртке қарсы сигнал беру және өрт сөндіру жүйелерін сатып алуды және орнатуды қоспағанда, арнайы жабаларды, көрсеткіштерді жүзеге асыруды, эвакуациялау жоспарлары мен схемаларын ресімдеуді қоса алғанда, өртке қарсы іс-шараларды қамтиды; 7) пәтер, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімі бойынша кон-доминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге құқығы бар.	Жылына 4 рет жылыту маусымында-тәулік бойы; тәулік бойы Аптасына 1 рет Айына 1 рет Жылына 1 рет Жылына 1 рет ай сайын

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері кемінде үй коммерциялық ұсыныстың негізінде міндетті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құнынан қалыптастырылады, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің ең төмен құны бар ұсыныс негізге алынады.

Осылайша, есепті орындау үшін басқарушы және қызмет көрсетуші ұйымдарға міндетті тізбегі және жұмыстар мен қызметтердің кезеңділігіне сәйкес коммерциялық ұсыныстар беру туралы сұрау жіберіледі.

Жоғарыда көрсетілген сұрауға жауап ретінде келесі ұйымдардан коммерциялық ұсыныстар беріледі:

1. «Асыл-Аян-Бек» ЖШС
2. «Тұрғын үй сервис» ЖШС
3. ЖК «Досметова»

VI. Ғимараттарды пайдалану мерзімін ескере отырып, ғимараттардың әрбір класы үшін формула бойынша есептеу

Есепті орындау үшін «Бірлестік Басқару» ЖШС-тен жұмыстар мен қызметтердің ең аз құны бар коммерциялық ұсыныс алынды.

Кондоминиум объектісін басқаруға және өңір үшін кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын ең аз шығынның мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

В min= Р min*жыл /(\$ пайдалы.*12 ай).
2.839.098 тт. /((5556,40 м2*12 ай)= 42,58 теңге (1 айға 236 591 тт) мұндағы:

В min – кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған жарнаның ең аз мөлшері = 42,58 теңге.

Р жыл – кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға арналған шығыстар сомасы= 2.839.098 теңге.

С пайдалы. - шаршы метрмен есептелетін кондоминиум объектісінің пайдалы ауданы = 5556,40 м 2.

Мұнайлы ауданы бойынша 2025 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп – ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері – 42,58 теңгені құрады.

Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесіне 2-қосымшаға сәйкес, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін есептеу әдістемесіне 2-қосымшаға сәйкес, кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау шығыстарына ұлғайту коэффициенті.

Р min.жыл = (Р басқару+Р ұстау).*К
Р min-кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін ұстауға жұмсалатын ең төменгі шығыстар;

Р басқару. – осы Әдістеменің 1-қосымшасының 1-тармағында көзделген шығыстар.

Р ұстау. – осы Әдістеменің 1-қосымшасының 2-тармағында көзделген шығыстар.

К-2-қосымшаға сәйкес, көпөтерлі тұрғын үйдің пайдалану мерзімі мен сипаттамаларына байланысты кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау шығыстарына ұлғайту коэффициенті.

Ғимараттар класы*	Ғимараттардың қабаттылығы		
	2-ге дейін	3-5	6 - 9
Ғимараттың пайдалану мерзімі (1 -3 жыл)			
I	1,0	1,0	1,0
II	1,0	1,0	1,0
III	1,0	1,0	1,0
IV	1,0	1,0	1,0
Шағын тұрғын үй	1,0	1,0	1,0
Ғимараттың пайдалану мерзімі (3 - 10 жыл)			
I	1,3	1,3	1,2
II	1,3	1,3	1,2
III	1,4	1,4	1,3
IV	1,4	1,4	1,3
Шағын тұрғын үй	1,4	1,4	1,3
Ғимараттың пайдалану мерзімі (20-80 жыл)			
I	1,6	1,6	1,5
II	1,6	1,6	1,5
III	1,7	1,7	1,6
IV	1,7	1,7	1,6
Шағын тұрғын үй	1,7	1,7	1,6

Тариф	42,58 т			
Ғимараттар класы*	Ғимараттардың қабаттылығы			
	2-ге дейін	3-5	6 - 9	
Ғимараттың пайдалану мерзімі (2021 жылдан 2025)				
I	42,58	42,58	42,58	
II	42,58	42,58	42,58	
III	42,58	42,58	42,58	
IV	42,58	42,58	42,58	
Шағын тұрғын үй	42,58	42,58	42,58	
Ғимараттың пайдалану мерзімі (2013 жылдан 2021)				
I	50,7	50,7	46,8	
II	50,7	50,7	46,8	
III	54,6	54,6	50,7	
IV	54,6	54,6	50,7	
Шағын тұрғын үй	54,6	54,6	50,7	
Ғимараттың пайдалану мерзімі (1960 жылдан 1999)				
I	62,4	62,4	58,5	
II	62,4	62,4	58,5	
III	66,3	66,3	62,4	
IV	66,3	66,3	62,4	
Шағын тұрғын үй	66,3	66,3	62,4	

Ескертіле: тұрғын үй ғимараттарының класы «Көпөтерлі тұрғын үйлер» 3.02-101-2012ҚР БК -де көрсетілген

Көрсеткіштер	Тұрғынүйлердің жіктелуі				
	I класс	II класс	III класс	IV класс	Шағын тұрғын үй
I адамға шаққандағы тұрғын үй алаңының мөлшері	25 м2 артық	25 м2 дейін	18 м2дейін	15 м2	кемінде 12 м2
Тұрғынүйжайларды нбиктігіденнентөбе ге дейін	3 м және одан көп	3,0 м	2,71) м	2,51) м	2,51)
Қонақ бөлмелерінің саны	1 ден 7 ге дейін	1 ден 6 ға дейін	1, 2, 3, 4	1, 2, 3, 4	1, 2, 3, 4
Ас үй бөлмелерінің минималды ауданы	Ас үй-асхана кемінде 18 м2	Ас үй кемінде 12 м2	Ас үй кем тенде 9 м2	Ас үй 9 м2 кем емес, ас үй-тауашасы-6 м2 кем емес; тұрғын бөлмелер саны 3, 4 болғанда-12 м2 артық емес	Ас үй немесе ас үй-тауашалар- кемінде 5 м2
Жазғыүй-жайлардың (балқондар, Лоджиялар, террасалар, верандалар)болуы	Жобалау тапсырмасына сәйкес ас үй-жайларды қоса алғанда, бөлмелер саны бойынша		3, 4 тұрғын бөлме саны кезінде - 2-ден кем емес; 1 тұрғын бөлме саны кезінде, 2 қонақ бөлме - 1	1 артық емес	1 артық емес
Жуынатын бөлмелер мен ванна бөлмелері	Жуынатын бөлмелер жатын бөлмелердегі дәретханалар және жалпы пайдалану жобалау тапсырмасымен анықталады		1 жуынатын бөлме, 1 дәретхана	Біріктірілген санитариялық торап, тұрғын бөлмелер саны 3, 4-бөлек санитариялық торап	Біріктірілген санитариялық торап, тұрғын бөлмелер саны 4 - бөлек санитариялық торап
Автопаркінкте, жер асты, жер үсті, жапсарлас, тұрғын үй кешеніне жапсарлас салынған бір пәтерге арналған тұрақ орындарының болуы	2	1	0,5	Жобалау тапсырмасы бойынша	Жобалау тапсырмасы бойынша
Лифттердің болуы	В қосымшасына сәйкес қосымша лифтілерді орнатуга болады	Б қосымшасына сәйкес			
Қауіпсіздік жүйелерімен қамтамасыз ету	Осы қағидалар жиынтығының 4.7.4-бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон, сыртқы күзет бекеті, консьерж, пәтерлерге арналған электрондық құлпыттар	Осы қағидалар жиынтығының 4.7.4 бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, домофон, сыртқы күзет бекеті, консьерж, пәтерлерге арналған электрондық құлпыттар	Осы қағидалар жиынтығының 4.7.4 бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, интерком	Осы қағидалар жиынтығының 4.7.4 бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, интерком	Осы қағидалар жиынтығының 4.7.4 бөлімінің талаптарына сәйкес бейнебақылау, интерком
Инженерлік қамтамасыз ету	Инженерлік желілер мен жүйелерді жобалау бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес				
	Қосымша: инженерлік желілерді басқарудың үйшілік автоматтандырылған жүйесі (жүйемен желімен жабдықтау, электрмен жабдықтау АБК	Қосымша: кондиционер, кабельді теледидар, компьютерлендіру	Қосымша: кондиционер, кабельдік теледидар	Қосымша: кондиционер, кабельдік теледидар	Қосымша: кондиционер, кабельдік теледидар
	интернет (талшықты-оптикалық байланыс желілері (бұдан әрі- ТОВЖ))		интернет (ТОВЖ, бұралғанжүп, коаксиалды)	интернет (ТОВЖ, бұралғанжүп, коаксиалды)	
Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету	I категория	I категория	ҚР БК 4.04-106 және ҚР БЭК сәйкес	ҚР БК 4.04-106 және ҚР БЭК сәйкес	ҚР БК 4.04-106 және ҚР БЭК сәйкес
Спорттық-сауықтыру және тұрмыстық үй-жайлардың болуы	Жобалау тапсырмасы бойынша				
Үй мен пәтерді әрлеу сапасы: - Ішкі	ҚР БК 2.04-106 талаптарына және пайдаланылатын материалдарға стандарттар талаптарының сақталуына сәйкес				
	"Люкс" санатындағы пәтерлерді безендіру және интерьер 2)	"Жоғары сапалы" санаттағы пәтерлерді безендіру және интерьер 3)	"Жақсартылған" санатындағы пәтерлерді безендіру 4)	Пәтерлерді безендіру "қарапайым" 5)	Пәтерлерді безендіру "қарапайым" 5)
- сыртқы	Қала құрылысы талаптары негізінде сәулет-жоспарлау тапсырмасының (АЖЗ) талаптарына сәйкес				
Энергия тиімділігі класы	A класынан төмен емес	B класынан төмен емес	C+класынан төмен емес	Скласынан төмен емес	Скласынан төмен емес
Энергияны үнемдеу	40% дан бастап	15 тен 30% дейін	5 тен 15% дейін	5% дейін	5% дейін

Ескерту:

1. Үй құрылысы комбинаттарының құрама конструкцияларынан тұрғызылатын тұрғын үйлер үшін 2,6 м қабылдауға рұқсат етіледі.
2. "Люкс" санаты бар пәтерлерді безендіру және интерьер: жоғары сапалы материалдарды пайдалануды, прогрессивті технологияларды енгізуді білдіреді. Жөндеу және әрлеу жұмыстарының сапасына жоғары талаптармен жеке жоба бойынша жүзеге асырылады. Пәтерді безендіру мен жобалауда табиғи материалдар, монументалды-сәндік безендіру элементтері бар интерьер заттары және қолданбалы өнер туындылары басым.

3. "Жоғары сапалы" санаты бар пәтерлерді безендіру және интерьер: заманауи технологиялар мен құрылыс материалдарын қолдана отырып, жөндеу және әрлеу жұмыстарының кешенін білдіреді. Әрлеу жұмыстарының жоғары сапасы сенімді, эстетикалық нәтиже береді.

4. "Жақсартылған" санаты бар пәтерлерді безендіру: сапалы, сенімді материалдарды пайдалануды білдіреді. Бұл тұрдің әрлеу жұмыстарының сегменті тек онтайлы, эстетикалық визуалды қабылдауды ғана емес, сонымен қатар жайлылық жағдайларын жасайды.

5. "Қарапайым" санаты бар пәтерлерді безендіру: қымбат емес әрлеу материалдары мен дәстүрлі технологияларды қолдана отырып, минималды дайындық, күрделі емес әрлеу, жөндеу жұмыстары жүргізілетін интерьерді жаңартуды, беттердегі кішігірім ақауларды жоюды білдіреді.

6.

Басы 1-бетте

– **Жазира Әшірапқызы, еліміздегі ипотекалық бағдарламалардың қазіргі жай-күйі туралы не айтасыз?**

– Қазіргі уақытта елімізде бірнеше мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар жұмыс істеп тұр. «Жаңа концепция», «Сыр жастары», «Наурыз» «Ұмай», «Асыл мекен» «Жасыл ипотека» «50-50 және 30-70» арқылы жүзеге асатын «2-10-20», «5-10-20» сынды бағдарламалар халықтың әртүрлі санатына бағытталған. Әсіресе көпбалалы отбасылар мен әлеуметтік аз қамтылған топтарға арналған бағдарламалар тиімді. Халықтың сұранысына қарай бұл жүйелер үнемі жетілдіріліп отыр. Түсінікті болуы үшін айта кетейін бұрынғы «Бақытты отбасы», «Шаңырақ» бағдарламалары біріктіріліп, жаңаша бағытта «Жаңа концепция» атауына ие болды.

– **Осы бағдарламалар төңірегіне кенірек тоқталайықшы...**

– «Жаңа концепция» бағдарламасы туралы айтатын болсам бұл бағдарлама үйдің кезегінде тұрған жалпы санаттағы сондай-ақ I, II топтағы мүмкіндігі шектеулі кісілерге және ерекше күтімдегі бала тәрбиелеуші жандарға және көпбалалы аналарға арналған. Жылдық мөлшерлемесі 2 пайыз, бастапқы жарна – 10 пайыз. Басқа санаттағы барлық үй кезекте тұрған салымшыларымызға жылдық мөлшерлемесі 5 пайыз, алғашқы жарна 10 пайыз жиырма жылға дейінгі мерзімде үй алуға мүмкіндік береді.

Жаңа концепция бағдарламасы халықтың әлеуметтік әлсіз топтарын қолдауға бағытталған. Енді табысқа шектеу жоқ және бағдарламаға қатысушыны банк нақты сомамен шектемейді. Пәтер бағасына сай несие ала алады. Бұл – көптеген отбасыларға баспанаға қол жеткізудің біршама жеңіл жолын ұсынады.

Жасыл ипотека» бағдарламасы – өзекті әрі заманауи шешімдердің бірі. Бұл бағдарлама арқылы салынған пәтерлер экологиялық және энергия үнемдеуші талаптарға сай келеді. Бастапқы жарна 20 пайыз, жылдық үстеме 12,5 пайыз 14 жылға. Бұл қазіргі нарықтағы тиімді ұсыныстардың қатарында. Ерекшелігі бағдарламаға қатысу үшін үміткердің атына бұрын баспана тіркелгені кедергі болмайды. Яғни, үйі бар азаматтар да «Жасыл ипотеканы» пайдалана алады. Сонымен қатар Алматы, Астана, Шымкент қалаларында орналасқан экологиялық стандарттарға сай үйлерден баспана алу мүмкіндігі жоғары.

– **«Ұмай» бағдарламасы – әйелге деген қамқорлықтың, сенімнің және болашаққа жол ашатын игі жобалардың бірі. Оқырмандарға бағдарлама туралы кеңінен тарқатайықшы?**

– «Ұмай» бағдарламасы әйелдердің баспана алу мүмкіндігін арттырып, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған ерекше жоба. Бұл бағдарлама 18 бен 65 жас аралығындағы ресми табысы бар әйелдерге арналған. Үй иесі атанғысы келетін нәзік жандар үшін бұл үлкен мүмкіндік. Өйткені бағдарламаның шарттары тиімді әрі қолжетімді. Бастапқы жарна 15-20 пайыз, сонымен қатар несие мерзімі 25 жылға дейін созылады.

«Ұмайдың» ерекшелігі – қатысушының атында үйінің болуы кедергі емес, сондай-ақ бастапқы жарна ретінде зейнетақы қорындағы жинақты пайдалануға болады. Тіпті табысы жеткіліксіз әйелдерге қосалқы қарыз алушыларды тартуға да рұқсат беріледі. Бұл – тек үй алу емес, болашаққа салынған сенімді инвестиция.

– **«Наурыз» бағдарламасының қандай тиімділігі бар?**

– «Наурыз» тұрғын үй бағдарламасы – көктеммен бірге



ИПОТЕКА НАРЫҒЫ: ТАҢДАУ КӨП, ҚАЙСЫСЫ ТИІМДІ?

үміт сыйлайтын игі бастама. Бағдарлама төмен пайыздық мөлшерлемесімен ерекшеленеді. Сонымен қатар бастапқы жарна 10-20 пайыз. Оны зейнетақы жинақтары арқылы өтеу мүмкіндігі қарастырылған, бұл әсіресе жинағы бар азаматтар үшін тиімді. Жобаға қатысу үшін соңғы 5 жылда өтініш берушінің немесе жанұя мүшелерінің атына тіркелген тұрғын үй болмауы тиіс. Несие сомасы бойынша шектеу бар. Ірі қалалар үшін – 36 млн теңгеге дейін, ал басқа өңірлерде – 30 млн теңгеге дейінгі үйді алуға болады.

– **«50/50» бағдарламасының басты шарты не?**

– Осы орайда «Отбасы банкі» ұсынып отырған 50/50 бағдарламасы тиімді әрі қол жетімді. Яғни, сатып алғыңыз келетін пәтердің 50 пайызын өз қаражатыңызбен жинап, қалған 50 пайызын банк жеңіл шартпен несиеге береді.

Бағдарлама шарттары бойынша тандалған үй құнының жартысын банк депозитіне 3

еліміздің ауылдық жерлерінде тұратын азаматтардың тұрғын үйге қолжетімділігін арттыру мақсатында жасалған тиімді жоба. Бағдарлама «Отбасы банкі» арқылы жүзеге асырылады және негізгі мақсаты шалғай елді мекен тұрғындарының өмір сүру жағдайын жақсарту. Бағдарламаға 18 жасан 64 жасқа дейінгі Қазақстан азаматтары қатыса алады. Несие мерзімі 20 жылға дейін, бастапқы жарна 10 пайыз..

– **Ипотека рәсімдеу кезінде азаматтар жиі қандай қиындықтарға тап болады?**

– Ең жиі кездесетін қиындық – төлем қабілетін растау. Көп жағдайда азаматтардың табысы ресми тіркелмеген немесе жеткіліксіз болады. Сонымен қатар бастапқы жарнаның сомасын жинау да қиындық тудырады. Құжаттарды дұрыс жинамау, несие тарихының нашар болуы да – ипотека рәсімін кешіктіретін немесе болдырмайтын негізгі себептер.

– **Жастар арасында баспана алуға ынталылар көп. Олар**

Баспана – біреудің арманы, біреудің бизнесі, ал алаяқтар үшін оңай олжа көзі болуы мүмкін. Осындай жауапты қадамда азаматтар сақтық шараларын ескергені дұрыс.

жыл жинау қажет. Бұл жинақ белгілі бір уақыт ішінде бағалау көрсеткіші арқылы бақыланады. Көрсеткіш 16 балға жеткен кезде, банк автоматты түрде қалған жарты сомаға тұрғын үй несиесін ұсынады. Несие жылдық 5 пайызбен беріледі, бағдарлама 6 айдан 6 жылға дейінгі мерзімге рәсімделеді. Ең басты артықшылықтарының бірі – табысты растамай-ақ несие алу мүмкіндігі бар. Бұл әсіресе өзін-өзі жұмыспен қамтып жүрген немесе тұрақты табысы құжатпен дәлелденбейтін азаматтарға ыңғайлы. Мысал, егер үйдің жалпы құны 20 млн. теңге болса, салымшы банкке 10 млн. теңге жинап қалған сомасын 5 пайыздық несиелем рәсімдеуге болады.

– **«Асыл мекен» бағдарламасының басқа ипотекалық бағдарламалардан айырмашылығы неде?**

– 2024 жылы іске қосылған «Асыл мекен» бағдарламасы –

үшін арнайы ұсыныстар бар ма?

– Иә, жастарға арналған «Жас отбасы», «Сыр жастары» сынды жеңілдетілген шарттағы бағдарламалар бар. Сонымен қатар «Отбасы банкінде» тұрғын үй жинақ жүйесі арқылы бастапқы жарна жинау мүмкіндігі қарастырылған. Жастар ерте бастан шот ашып, жинақтап үйренсе, болашақта ипотека рәсімдеу анағұрлым жеңіл болады.

– **Осы орайда «Сыр жастары» бағдарламасы бойынша берілетін үйлер дайын ба?**

– Я, қаламыздың сол жағалауынан үйлер дайын тұр. «Сыр жастары» бағдарламасы – өңірдегі жас мамандардың тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған маңызды әлеуметтік жоба. Бағдарламаға қатысу үшін үміткердің жасы 35-тен аспауы керек, тұрақты жұмысы және Қызылорда облысында тіркеуде болуы шарт. Сонымен қатар үміткердің төлем қабілеттілігі

мен әлеуметтік белсенділігі де ескеріледі.

– **Нарықтағы баспана бағасы мен ипотека пайызына қатысты пікіріңіз қандай?**

– Баспана бағасы жылдан-жылға өсіп келеді. Бұл құрылыс материалдарының қымбаттауымен және урбанизация үдерісімен тығыз байланысты. Ал ипотекалық пайыздар салыстырмалы түрде тұрақты. Мемлекеттік бағдарламалар аясында пайыздық мөлшерлемелер 2-5 пайыздан басталады, бұл – өте тиімді көрсеткіш. Алайда нарықтағы бағалардың өсуі қарапайым халық үшін қолжетімділікті төмендетіп отыр.

– **Ипотека рәсімдеуге шешім қабылдаған азаматтарға қандай кеңес берер едіңіз?**

– Біріншіден, табысыңызды мұқият жоспарлаңыз. Ипотека – ұзақ мерзімді міндеттеме. Құжаттарыңызды ретке келтіріп, бастапқы жарнаны ерте жинай бастаған дұрыс. Ең бастысы – асығыс шешім қабылдамаңыз, бірнеше банк пен бағдарламаны салыстырып барып таңдау жасаңыз.

– **Елімізде жүзеге асырылып жатқан маңызды жаңалықтардың бірі – Ұлттық қордан балаларға бөлінетін қаражат. Бұл қаржыны үй алу мақсатында пайдаланудың алғышарттарын айтып өтсеңіз?**

– Бұл қаражатты 18 жасқа толған соң, бала тек екі мақсатта пайдалана алады. Біріншісі – ақылды оқуын төлеу, екіншісі – тұрғын үй сатып алу. Бұл – баланың болашағына салынған сенімді инвестиция. Егер бала мемлекеттік грантпен білім алуға мүмкіндік алса, оның атынан Тұрғын үй жинақ Отбасы банкінен шот ашып, сол қаржыны алғашқы жарна ретінде үй алуға пайдалана алады.

– **Алаяқтар арбаған заманда кеңесші ретінде салымшыларға айтардыңыз болса...**

– Қазіргі таңда адамдардың сеніміне селкеу түскен уақытты баспамен кешіп жатырмыз. Әсіресе тұрғын үй алуға байланысты үміт пен арман араласқан сәтте, алаяқтардың арбауына түсіп, бар жиған-тергенінен айырылып қалған азаматтар аз емес. Біреудің өкініші – өзгеге сабақ болуы керек. Сондықтан менің кеңесім – баспана алуды жоспарлаған әрбір азамат ең алдымен тексерілген, сенімді, ресми тіркелген мамандар мен кеңесшілерге ғана жүгінгені дұрыс. Құжаттарға мұқият қарап, банк немесе бағдарлама туралы нақты мәліметтерді тек ресми көздерден алған абзал. Білікті кеңесші сізге тек тиімді нұсқаны ұсынбайды, сонымен қатар сізді қауіптен де қорғай алады. Асығыстық – алданудың басты себептерінің бірі екенін де ұмытпаған жөн.

– **Жазира Әшірапқызы ендігі сауалды жеке өзіңізге бағыттағым келіп отыр. Бұл салада қанша жылдан бері жұмыс жасайсыз?**

– Бұл салаға 2017 жылы келдім. Көзді ашып-жұмғанша сегіз жыл өтіпті. Осы уақыт аралығында көп нәрсені үйреніп, тәжірибе жинадым. Еңбегім елеңі, түрлі марапаттарға ие болдым. Бұл мен үшін үлкен мәртебе әрі жетістігім деп есептеймін. Бірақ ең басты марапатым – әрбір кеңесімнен кейін өз баспанасына қол жеткізген адамдардың алғысы. Алдағы уақытта да «Отбасы банкінің» салымшыларына бағыт-бағдар беріп, әр қазақтың үйі болуына үлес қоса бергім келеді.

Қорыта айтқанда, баспанаға қол жеткізу – маңызды шешім. Ал бұл жолда білікті кеңес пен нақты ақпарат ауадай қажет. Сұхбаттасу барысында кеңесші маман айтқан ұсыныстар мен ескертулер әрбір азамат үшін пайдалы боларына сеніміміз мол.

Баспана – біреудің арманы, біреудің бизнесі, ал алаяқтар үшін оңай олжа көзі болуы мүмкін. Осындай жауапты қадамда азаматтар сақтық шараларын ескергені дұрыс.

ҚАЗАНАМА



Артына өшпес із, өнегелі іс қалдырған Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, «Жоба Құрылыс» ЖШС-нің негізін қалаушы Данияр Сұлтанбекұлы 78 жасқа қараған шағында дүниеден өтті.

Данияр Сұлтанбекұлы – құрылыс саласында өзіндік қолтаңбасын қалдырған, кәсіби білікті маман, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары тұлға болды. Еңбек жолын қарапайым қызметтен бастап, жылдар бойғы адал еңбегі мен тынымсыз ізденісі арқасында ел құрметіне бөленді. Басшылық еткен жылдары құрылыс саласының сан қилы қиындықтарына мойымай, сапалы әрі уақыттылы атқарылған жұмыстарымен танылды.

Ол 1947 жылы Арал ауданының Қаратөрең ауылында дүниеге келіп, ағасы Төлеген екеуі еңбекке ерте араласты. Өмірлік жарынан 37 жасында айырылған анасы Айшагүл балаларына барынша қамқорлық танытып өсірді. Тіршілігінің мағынасын перзенттерінің амандығы деп білген ана 85 жасқа келіп, өмірден өтті.

Данияр Сұлтанбеков орта мектепті бітірген соң балық тресінде жұмыс жасап, әскер қатарында азаматтық борышын өтеп келді. Сонан кейін политехникумды бітіріп, Жалағаш ауданындағы Ақсұм совхозында учаске шебері болып, құрылысшылық жолын бастады. Еңбекке шындап араласқан ол өндірістік-техникалық бөлім бастығы, Қызылорда үй комбинатының аға шебері, облыстық атқару комитетінде сараптау тобының жетекшісі болып, сатылап өсу жолынан өтеді. Осы кезеңде Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген тәжірибелі маман облыстық күрделі құрылыс бөлімінің техникалық бақылау тобын басқарды.

Өмір өзен сияқты екпінмен аға берді. Облыстық күрделі құрылыс басқармасы бастығының орынбасары қызметін 1993-1998 жылдары атқарған Д.Сұлтанбекұлы жаңа құрылысшылық жолын тағайындады. Алайда, алдында үлкен сын тұрды. Ол тұралап қалған мекемені көтеру керек еді. Бұл кездері бюджеттен құрылысқа қаржы бөлу деген тоқтатылған болатын. Алдағы уақытта не істеу қажеттігін тыңғылықты ойланған ол жан-жақты жұмыс жасауға бел буды. Нарық қыспақтан алған заманда жатпай-тұрмай еңбектеніп, ізденгендер ғана мұратқа жететінін ұғынды. Осылайша, ұжымдағы 20-ға жуық инженерді қайта мамандандырып, есік-терезе жасайтын цех ашты. Сондай-ақ, 10 гектар жер алып, дәнді дақылдар егуді де қолға алды. Бірте-бірте тіршілігі тұралаған мекеменің жұмысы жандана түсті. Жасаған еңбегіне орай «Қазақстанның құрметті құрылысшысы», «Қазақстанның даңқты құрылысшысы», «Қазақстанның еңбек ардагері», «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы», «Құрылысқа қосқан үлесі үшін еуропалық гранпир лауреаты» атақтарының иегері болады. Данияр Сұлтанбекұлы өмірлік жары Гүлзада апайымыз екеуі үш үл тәрбиелеп, 12 немере, 3 шөбере көрді.

Марқұмның отбасына, туған-туыстарына көңіл айтамыз. Жатқан жері жарық, топырағы торқа, иманы жолдас болсын.

«Сан-Ай прсс» ЖШС ұжымы

МЫҢҒА ЖУЫҚ ХАТТАМА РӘСІМДЕЛДІ

Қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне І жартыжылдықта салада атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар бойынша баспасөз конференциясын өткізді.

Биыл бас жоспардың қолдану мерзімі аяқталады. Соған байланысты жоспарды жаңалау мақсатында өткен жылы әзірлік шаралары басталды. Сызба жұмыстарын ашық конкурс арқылы жеңімпаз атанған Алматы қаласының «Казипроград» І жобалау институты» ЖШС жүргізуде. Жобаның 1 кезеңінде жоспардың концепциясы жасакталса, бүгінде жобаның 2 кезеңі басталып, жобалаушы мекеме тарапынан Бас жоспарды әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Бұдан бөлек, Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылдық округі, Досан ауылының Бас жоспарын әзірлеу қолға алынды.

– Аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес, қала аумағындағы ғимараттардың сыртқы келбетін ретке келтіру, абаттандыру, жерді мақсатсыз пайдалану және заңсыз құрылыс жұмыстарын болдырмау мақсатында қала әкімдігі жанынан құрылған арнайы жұмысшы топ бақылау шараларын жүргізуде. Есепті кезеңде 158 нысанда заңбұзушылық анықталды. Атап айтқанда, «Айзада Плаза» СҮ-нің қосымша құрылысы және «Қызылорда» қонақ үйінің екінші қабатынан салынған терасса құрылысы, Астана даңғылы мен А.Иманов көшесінің қиылысындағы артық қоршау және Н.Лиясов көшесінің бойындағы жазғы кафе бұздырды. Ал, мемлекеттік меншіктегі жер телімдерін заңсыз иелену фактілері бойынша жер қатынастары саласындағы уәкілетті органмен бірлесе отырып, 77 құқықбұзушылық анықталды. Мәселен, тиісті рұқсат қағаздарын рәсімдемей И.Журба көшесінің бойындағы қызыл сызықпен қабаттаса салынған көлік жуу ғимараты мен Иса Токтыбаев көшесі бойындағы сауда нысаны соттың шешімі негізінде бұзылды,- деді бөлім басшысы.

Бұдан бөлек, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске және аббатандыру қағидаларына сәйкес, заңсыз мемлекет жерін иеленген, мемлекет мүлкіне зиян келтірген, өз бетінше құрылыс жұмыстарын жүргізген, ортақ пайдалану аймағын ластаған тұлғаларға қатысты 954 хаттама рәсімделген.

«Ел тілегі» ақпарат

Меншік иесі: «Сан-Ай» прсс ЖШС

**Директор-Редактор
Егиншibaева Анар
Жақсыбекқызы**

**Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Кәрімов**

**Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36ВРУ00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті КР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

**Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» прсс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясын мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9726 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №170**

**E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/**